

ХАТТАМА №2 Ата-аналар жиналысы

Тақырыбы: «**Бала тәрбиесі отбасынан басталады**»

Өткізілген күні: 03.11. 2025 жыл

Жиналыс түрі: Жыл басындағы ата-аналар жиналысы

Қатысқандар: Мектеп директоры, тәрбие орынбасары, Оқу орынбасары, мектеп психологы, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер және ата-аналар

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда отбасының рөлі.
2. Зорлық-зомбылықтың алдын алу: отбасы, мектеп және қоғам арасындағы байланысты нығайту.
3. 2025–2026 оқу жылының 1-тоқсанындағы тәрбие және оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Л. Билялова жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда отбасының рөлі ерекше маңызды екенін атап өтті. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында темекі шегу, электронды темекі (вейп), алкогольдік ішімдік ішу, есірткі заттарына қызығушылық таныту жағдайлары кездесетіні айтылды.

Ата-ананың күнделікті бақылауы, баламен ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатуы, бос уақытын тиімді ұйымдастыруы құқық бұзушылықтың алдын алудың негізгі жолдары екені түсіндірілді. Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі туралы қысқаша мәлімет берілді.

Сөйлегендер:

Мектептің әлеуметтік педагогы Н. Алтенко сөз алып, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепте жүргізіліп жатқан профилактикалық жұмыстарға тоқталды. Атап айтқанда, құқықтық түсіндіру сағаттары, жеке кеңестер, тәуекел тобындағы оқушылармен жеке жұмыс жүргізілетіні хабарланды.

Әлеуметтік педагог ата-аналарға:

- Баланың араласатын ортасын бақылауды;
- Кешкі уақыттағы жүріс-тұрысына назар аударуды;
- Баланың мінез-құлқындағы өзгерістерді дер кезінде байқауды;
- Құқық бұзушылықтың салдары туралы үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізуді

ұсынды.

Сонымен қатар электронды темекі мен есірткі заттарының зияны және олардың жасырын таралу жолдары туралы ақпарат беріліп, ата-аналарға сақтық шараларын күшейту қажеттігі ескертілді.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Педагог-психолог Б. Мукушева буллинг, кибербуллинг және эмоционалдық зорлық-зомбылық туралы жан-жақты түсіндірме берді. Оқушылар арасында мазақ ету, кемсіту, топтан шеттету, әлеуметтік желілер арқылы қорлау жағдайлары кездесуі мүмкін екені айтылды.

Баланың тұйықталуы, көңіл-күйінің төмендеуі, сабаққа қызығушылығының азаюы зорлық-зомбылықтың белгісі болуы мүмкін екені түсіндірілді. Буллинг пен кибербуллингтің құқықтық салдары туралы айтты. Зорлық-зомбылық фактілері

анықталған жағдайда мектеп тарапынан тиісті шаралар қолданылатыны, қажет болған жағдайда ювеналды полиция қызметкерлерімен бірлескен жұмыстар жүргізілетіні хабарланды.

Ата-аналарға балалардың интернеттегі қауіпсіздігін бақылау, әлеуметтік желідегі парақшаларын қадағалау және сенімді қарым-қатынас орнату қажеттігі ұсынылды. Отбасы, мектеп және қоғам бірлесе жұмыс істеген жағдайда ғана зорлық-зомбылықтың алдын алуға болатыны атап өтілді.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды: Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Л. Билялова Оқушылардың мектепішілік іс-шараларға, байқауларға, спорттық жарыстарға қатысу белсенділігі туралы ақпарат берілді. Белсенді және үлгілі оқушылардың жетістіктері атап өтілді.

Сонымен қатар кейбір оқушылардың сабаққа кешігуі мен үй тапсырмасын уақытында орындамауы туралы ескертулер жасалды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Ата-аналар тарапынан балалардың бос уақытын және жүріс-тұрысын бақылау күшейтілсін.
2. Зиянды әдеттердің алдын алу мақсатында отбасы ішінде тұрақты профилактикалық әңгімелер жүргізілсін.
3. Буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша ата-аналар мен мектеп арасындағы байланыс нығайтылсын.
4. Үлгерімі төмен оқушылардың ата-аналарымен жеке жұмыстар жүргізілсін.
5. Сабаққа кешігуді және себепсіз босатуды болдырмау шаралары күшейтілсін.
6. Оқушыларды спорттық, шығармашылық және қоғамдық іс-шараларға белсенді тарту жалғастырылсын.

Жиналыс барысында ата-аналар бала тәрбиесінде отбасының рөлі шешуші маңызға ие екендігімен келісіп, мектеппен бірлесе жұмыс жасауға дайын екендіктерін білдірді.

Жиналыс төрағасы: А. Ертаева

Қолы: _____

Хатшы: А. Батменова

Қолы: Вел